

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ, ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ҚАРАТӨБЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ НӘТИЖЕСІ
БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қаратөбе ауылы, С.Абдулла көшесі №102
Email: karatobe_mektep@[mail.ru](mailto:karatobe_mektep@mail.ru)

**Түркістан облысының білім басқармасы,
Төлеби АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ**

**Қаратөбе жалпы білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы**

Қаратөбе ауылы

« 31» тамыз 2023жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2023 жылдың 01 тамыз айынан 31 тамыз күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасы, Төлеби АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «Қаратөбе» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды Мектептің 2024 жылғы «17» қаңтардағы №4А бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Комиссия төрағасы:

1. С.О.Даужанов, мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы; Комиссия мүшелері:
2. М.Боранбаев – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
3. Ж.Батыр – бейіндік оқу бойынша директор орынбасары;
4. Н.Оразов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Е.Сандыбаев - мектеп психологы;
6. М.Жүнісов – кәсіподақ комитетінің төрағасы;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдармен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасы, Төлеби АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ Қаратөбе жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-

тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023-2024) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі–Бағаланатын кезең).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы: Түркістан облысының білім басқармасы, ауданының білім бөлімі Қаратөбе жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Мектеп).
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы). Қазақстан Республикасы,Түркістан облысы,Төлеби ауданы, Қаратөбеауылдық округі,Қаратөбе ауылы, С.Абдулла көшесі №102 ғимарат
3)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық). Даужанов Сакен Орынбекұлы, Төлеби ауданының білім беру бөлімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы №68 бұйрығымен «Қаратөбе» жалпы білім беретін мектебіне барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына қайта бекітілген. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог – зерттеуші, І біліктілік санатты басшы. Педагогикалық еңбек өтілі 20 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 3 ай Тел.87785841211
4)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының әділет департаментінің Төлеби ауданының Әділет басқармасы 18.10.2023 жылы берілген, БСН 010940004155
5)	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Лицензия №KZ46LAA00035845 20.11.2023 жыл берілген. Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ"Қаратөбе"жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 22.11.2023 жылғы № KZ60RVK00052563 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны Осымен, Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "Қаратөбе" жалпы білім беретін мектеп"коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 010940004155 (заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке

	тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама бойынша белгілі бір іс-қимылды жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлайды (қызметтің немесе әрекеттің атауы) Қабылдайтын ұйымның атауы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
--	--

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер

Қаратөбе жалпы орта мектебінің тарихы

Қаратөбе жалпы орта білім беретін мектебінің тарихы әріден басталады. Ең алдымен, 1925 жылы бастауыш орыс мектебі болып ашылған. Мұнда 1904-1905 жылдары Ресейден босқын есебінде көшірілген орыстар, славян тектес халықтардың балалары оқыды. Кешке ересектер сауат ашты.

1948 жылы 7 жылдық мектепке айналды. Енді орыс, қазақ, қырғыз, шешен балалары оқып, білім алды. 1956 жылға дейін мектепті А.Теленко басқарды.

Мектеп 60-90 жылдары «Совет», 1999 жылы «Қаратөбе» орта мектебі деп аталды. 2013 жылдары «Қаратөбе жалпы орта» мектебі болып өзгерді.

XX ғасырдың 50 жылдары ауданда бірнеше орта мектеп ашылды. Соның бірі Қаратөбе ауылындағы 7 жылдық мектеп 1956 жылы орта мектепке айналдырылды. Мектеп «Ворошилов» атымен аталды. Мектеп директоры болып осы елдің түлегі, ауданда алғаш рет жоғары оқу орнын бітірген, білім беру ісінің үздігі азамат Найманбай Тұрсынбаев істеді.

Білім ордасы жаңа пед кадрлармен толықты. Оқушылар саны өсті. Осыған байланысты ұжымшар көмегімен 1960 жылы екінші оқу корпусы пайдалануға берілді. Балалар орыс, қазақ сыныптарында оқыды.

Көрші Қызылжалау, Майбұлақ, Жамбыл, Төңкеріс, Балдыберек ауылдарынан балалар келіп білім алды. 1963 жылы мектеп жанынан 30 орындық, 1972 жылы 50 орындық интернат ашылды.

1980 жылы қаңтарда 3 қабатты оқу корпусы пайдалануға берілді. Оның құрылысын салуға сол кездегі ұжымшарда төрағалық еткен азамат Айтжан Ережепов үлкен еңбек сіңірді.

Орыс ұлттарының өкілдері қалаға, басқа жақтарға көшуіне байланысты орыс сыныптары жабылды.

Осы жылдар ішінде мектепті:

1. Тұрсынбаев Найманбаев (1956-1958ж)
2. Жамалбек Қозыбақов (1958-1962ж)
3. Шәйім Мырзабеков (1962-1964ж)
4. Айтмырза Әшірбаев (1964-1968ж)
5. Рысбай Шәдіхожаев (1968-1971ж)
6. Әбдіжәлел Молдабеков (1971-1974ж)
7. Орынбасар Жүнісов (1974-1975ж)
8. Жамбыл Сейітов (1975-1979ж)

9. Нұрхан Қойшыбаев (1979-1983ж)
10. Маутай Сарыбаев (1983-1985ж)
11. Әділбек Оразов (1985-1999ж)
12. Мұратбек Жүнісов (1999-2012ж)
13. Елшібек Табылдиев (2012-2024ж)
14. Даужанов Сакен 2024 жылдан бастап мектеп директоры болып қызмет атқарып келеді.

Мектеп миссиясы:

Біздің мектеп - кәсіби шеберлігі дамыған, ынтымақтастықты берік ұстанған ұжымда білім алушылардың ерекшеліктері мен қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасап, ұлттық құндылық дағдыларын бойына сіңірген, функционалды сауатты тұлға қалыптастырады.

Мектептің болашаққа бағдары:

Мектеп – болашақта жас жеткіншектерге ұлттық құндылықтар мен білім берудегі құндылықтарды ұштастырып, тәрбие мен білім беретін инновациялық білім беру ұйымына айналады.

Мақсаты:

Сыни ойлай алатын, өмір бойы үздіксіз білім алуға қабілетті, азаматтық ұстанымы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.».

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттары**

I. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі:

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлудің көшірмелері ұсынылды). Оған дәлел:

2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрық) ; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық);

ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 1 - қосымша;

ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2022-2023 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы 3 - қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық топтарының жұмыстық оқу жоспары

Мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары (5 жастағы балалар) 2023-2024 оқу жылы

№	Пәндері	Аптадағы өткізу жиілігі	Жалпы жүктеме		
			0-«А»	Апталық	Жылдық
1	Дене шынықтыру		3	15	102
	Дене шынықтыру**	күн сайын			
2	Сөйлеуді дамыту		2	10	68
	Көркем әдебиет		2	10	68
	Қарым – қатынас іс-әрекеті	күн сайын			
	Қазақ тілі		2	10	68
	Қазақ тілі**	күн сайын			
3	Сауат ашу негіздері		3	15	102
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын			
4	Математика негіздері		3	15	102
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын			
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2	10	68
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын			
6	Сурет салу		0,25	1,25	8,5
	Мүсіндеу		0,25	1,25	8,5

	Жапсыру		0,25	1,25	8,5
	Құрастыру		0,25	1,25	8,5
7	Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс- әрекеті	күн сайын			
	Музыка		2	10	68

	Музыка **	күн сайын			
8	Барлығы		20	100	680

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған.

МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ. (Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі);

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1- қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепте мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының міндеттерін орындау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылып отырды.

Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 84 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 31.08.2023ж. мектеп директорымен бекітілді. Барлығы 5 жасқа толған. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді. Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы (5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылы 1-31 тамыз аралығында 25 баладан артық емес талапқа сай 5 топқа топтастырылды.

МДС – та 2021-2022 оқу жылында 65 балалар, 2022-2023 оқу жылында 88 бала, 2023-2024 оқу жылында 84 бала оқиды. Өлшемшарттың 9- қосымшасына сәйкес 2021-2024 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Талдау нәтижесі : Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) – 100%.

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша 2021-2022 , 2022-2023, және ағымдағы 2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталмады.

МАДС аптасына 5 күндік (толық күн болу) жұмыс жасайды, жұмыс уақыты I ауысым сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін 4 сағат.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Ол туралы әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталған кесте сайтқа орналастырылды. Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған арнайы кабинеті мен ойын бөлмесі бар. Онда баланың жас ерекшелігіне сай сабақ құралдары мен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған.

Мектепалды тобы бір бөлмеден тұрады. Сынып бөлмесі-оқу тәрбиелік, ойын бөлмесінен тұрады. Күнделікті оқу тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдықтармен, ноутбук, теледидар, оқушы столы, мұғалім столы, орындықтар, шкафтар, магнитті тақтамен жабдықталған. Терезелері метало пластиктен жасалып, перделер ілінген. Жарықтандыру табиғи және жасанды люминесценттік шам арқылы, желдетілуі қабырға көздері және терезеарқылы. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Жуып - шайыну құралдарымен қамтылған. Тәрбиеленуші бала ойын элементтерінен құралған тапсырмалар арқылы дамып өсетінін айтар болсақ «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығы, машиналар, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, 20-25 бөлшекті пазлдар, мозайка, 100 бөлшекті пазлдар, дамытушы үстел ойындары бар. Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарандаштар. Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап, уақыттарын тиімді өткізеді. Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалып келеді. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық – гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік – дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс – әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған.

Балалардың толыққанды физикалық даму үшін мектептің спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрмелі доптар, секіртпелер, шеңбер және т.б.) балалардың және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, қуыршақ театры, түрлі пазылдар, лото, кірпіштер, әр түрлі үстел ойындарының жиынтығы жеткілікті. Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі – ҰББДҚ) мектепалды даярлық сыныбына арналған оқу кабинетінің бар екендігі көрсетілген. Мектепте МАД сыныптарда баланың логикалық дамуына мүмкіндік

жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған. Балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мектептегі МАД сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы фотосуреттер қоса берілді.

Талдау нәтижесі : Мектепалды даярлық сыныбына қажетті жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 100%.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етілген. Ол туралы әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес мектеп директорының қолы мен мөрімен расталған кесте сайтқа орналастырылды. 2022-2023 оқу жылында білім беру үдерісінде тіл дамыту, жазу, санау, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және басқаларды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешендер қолданылатынын ескере отырып, даярлық топ оқушыларының санына қарай 48 данадан «Әліппе-дәптерлер» ата-аналардың демеушілігімен сатып алынды.

Талдау нәтижесі: Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу - әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету – 100%.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (занды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттілікті қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2-тарау «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» бойынша 20 - тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспарының және бағдарламаның толық көлемде іске асырылуда.

Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу" мамандығы бар жоғары білімді 1 тәрбиеші білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырады.

1.Тәрбиеші Оразалиева Лейла Маратқызы – білімі жоғары, бітірген оқу орны Алматы қаласы ЖЕНПИ, педагогикалық еңбек өтілі 29 жыл

Талдау нәтижесі: МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасын талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» тиісті бейіні бойынша білімі бар және үш жылда бір реттен сиретпей курстан өткен педагогтердің үлесі 65%-ды құрап отыр.

Әдістемелік ұсынымдарға
қосымша

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер "Қаратөбе" жалпыорта
мектебі 2023-2024 оқу жылы бойынша

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса жағдайда)	Туған жері және жылы	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе	Сана т, берілген күні, сана беру туралы бұйы	Штат бірлігі	Біліктілік сан аты, берілген күні, сана беру туралы	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі	Біліктілік тіпті арттыру курсының орны (ұйым)	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кі)
---	--	----------------------	--	--	--	--------------	---	--	---	--

				се орта білім -нен кейінгі білімі туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы (диплом бойынша)	рық н өмір		бұйрықтың н өмірі			тапшаның болуы) *(рұқсат беру ме рзімі)
1	Оразалиева Лейла Маратқызы	Алматы қаласы 09.12.1971	«Қаратөбе» ЖББМ Тәрбиеші, 17	ЖЕНПИ Мектеп жасына дейінгі педагогика және психология 13.04.1996	жоқ	1	Жоқ	ІШПО 2019ж	ІШПО 2019	16.09.2023

Үлгілік қағидаларының 21-тармағына сәйкес Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған.

Оқу жылдары	Пед штат бірлігі	Педагог қызметкерлер саны
2021-2022	1	1
2022-2023	1	1
2023-2024	1	1

Мектепалды сыныптардың педагогтердің тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар, өз қызметінде тиісті кәсіптік қызметтерге ие, өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп отырад. Тәрбиешілердің кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың білімі туралы дипломдарының көшірмелері талдауға ұсынылды.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында барлық даярлық сыныптың барлық білім беру салалары бойынша бақылаудың қорытынды нәтижелерінде өсу деңгейі байқалады. Мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің білік дағдылары үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарға сай екені байқалады. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілері орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игергені анықталды.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 20, 21-тармағына сәйкес жасалды.

"Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Педагогтар ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, педагогтың тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық

құзіреттілік танытады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды.

Педагогтерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады.

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру. 2023-2024 оқу жылында білім деңгейінің және білім беру салаларының бастапқы бақылау мониторингі бойынша баланың жеке даму картасы жасалды. Онда «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылар», «Шығармашылық дағдыларының зерттеу іс - әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру» құзыреттіліктерге сәйкес бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізілді. Жүргізілген іс-шараның нәтижесінде өсу деңгейі байқалды.

Мектепалды даярлық сыныптардың перспективалық жоспарлары бар. Өз шеберліктеріне қарай жасалған.

Мектепалды сыныпта өз қызметін 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізуде және оқу жылы бойына ішкі тәртіп ережелеріне сай каникулдар белгіленді.

4) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау:

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында МДТО МЖМБС-ны 1-қосымшасында көрсетілген бес білім беру саласы бойынша «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесіне» сәйкес, ал 2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасының 6, 7 -тарауда көрсетілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға» дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесіне мониторинг түзілді.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтап келеді.

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар басшылыққа алынды.

МДС-ға 5-6 жастағы балаларды қабылдау "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес ата-аналардың өтініштері және бұйрық шығару (бұйрықтардың көшірмелері қоса

беріледі) негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы бойынша мақсат міндеттеріне сай жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарларына (ҚРБҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы) сәйкес оқу жүктемелері бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестелері құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау мақсатында де балалардың жас ерекшеліктеріне сай бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын» бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат негізінде жылдық жоспар жасақталып, оқу тәрбие процесі ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолданды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: «Физикалық дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды» қалыптастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады. Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі.

II. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: *Тәрбиеленушілердің МДО ҮОЖ-да белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау (мектеп директорының бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарлар көшірмелері берілді).*

МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленді.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындарында оқу іс-әрекеттерінің кестесінде толық көрсетілген.

МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленді.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындарында оқу іс-әрекеттерінің кестесінде толық көрсетілген.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 14 тармағына сәйкес жасалды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 3-тараудың 23 тармағының талаптары басшылыққа алынды.

Апталық оқу жүктемесі бойынша оқу жұмыс жоспарында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқу іс - әрекеттері сабақ кестесіне толық енгізілді. Мектепалды сыныптарының (5 жастан бастап) – оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минуттан болды. Сабақ аралық үзіліс – 10 минуттан қойылды.

III. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 25 - тармағына сәйкес мектептегі мектепалды сынып

5 жастағы балалардың жасын ескеріп отырып, оқу жылы басында топқа қабылданды.

Мектепалды даярлық 1 сыныпта 13 тәрбиеленуші білім алады.

Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) мектепалды даярлық сыныптың 3 тәрбиеленушісі тіркелген.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтап келеді.

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар басшылыққа алынды.

МДС-ға 5-6 жастағы балаларды қабылдау "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес ата-аналардың өтініштері және бұйрық шығару (бұйрықтардың көшірмелері қоса беріледі) негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы бойынша мақсат міндеттеріне сай жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарларына (ҚРБҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы) сәйкес оқу жүктемелері бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестелері құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау мақсатында балалардың жас ерекшеліктеріне сай бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын» бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат негізінде жылдық жоспар жасақталып, оқу тәрбие процесі ұйымдастырылды. Мектепалды даярлық сыныптарында МЖМБС сәйкес 26-тармағы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл. Мектепалды даярлық сыныбына 2023-2024 оқу жылында

тәрбиеленушілердің қабылданған және мектеп есебінен шығарылған бұйрықтары тіркеу журналына жазылған (қоса тіркеледі).

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: «Физикалық дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды» қалыптастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады. Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі.

2. Кадрлық құрамға талдау.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш білім берудің мектеп директоры бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленді (оқу жұмыс мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі, жоспарларының көшірмелері жүктелді).

Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы (дипломдары қосымшаларымен тіркелді).

Кадрлық құрамға талдау :

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен мектеп Жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Соңғы жылдары мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған. Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының саны қажеттілікке байланысты анықталды. Бүгінгі таңда мектепте 52 мұғалім бар.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен
2021-2022	8	8	0	43	43	0
2022-2023	8	8	0	44	44	0
2023-2024	8	8	0	44	44	0

2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғарыбілімді мұғалімдер саны көп болуына байланысты тұрақты деңгейді көрсетеді, жоғары білімді мамандар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 100 %, негізгі және жалпы орта білімберу деңгейіндегі педагогтердің өз бейіні бойынша үлесі - 100 % құрайды.

Педагогтардың жас құрамы:

Оқу жылы	Қызметкерлер жасы				
	20 – 30 жас	31 – 40 жас	41 – 50 жас	51 – 60 жас	61-ден асқан
2021-2022	5,8%	21,5%	23,5%	64,7%	5,8%
2022-2023	5,7%	21,1%	23%	63,4%	5,7%
2023-2024	5,7 %	21,1%	23%	63,4%	5,7 %

Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы:

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі			
	3 жылға дейін	3 жылдан 15 жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
2021-2022	3,9%	43.1%	25.4%	29.4%
2022-2023	3.8%	42.3%	25%	28.8%
2023-2024	3.8%	42.3%	25%	28.8%

50% жоғары педагог қызметкерлердің педагогикалық еңбек өтілі 15 жылдан жоғары. Кадрлық құрамы мен еңбек өтілінің өзгеруіне байланысты мынадай қорытынды шығарылды.

Мектепте жалпы педагог саны - 52, педагог-зерттеуші, педагог - сарапшы үлесі - 36 (69%). Жоғары біліктілік санатты мұғалім – 0 , бірінші біліктілік санатты мұғалім – 0, екінші біліктілік санатты мұғалім –0, педагог-8, педагог-тағлымдамашы – 0. Педагог-шебер мұғалім – 0, педагог- зерттеуші мұғалім – 1 0 (19.2%), педагог-сарапшы мұғалім –26(50%), педагог- модератор мұғалім – 8 (15.3%)

Әдістемелік	Педагог	Педагог	Педагог	Педагог	Педагог	Жоғары	Бірінші	Екінші	Педагог
ік	ог	г	г -	ог	–	ы	ші	ші	

бірлестік	саны	- шебер	зерттеу ші	сарап шы	модератор				
Қазақ тілі мен әдебиеті	5	-	2	3		-		-	
Орыс тілімен әдебиеті	4	-		2		-	-	-	2
Шет тілі	6	-	1	3	1	-	-	-	1
Бастауыш	7	-	2	4	1	-	-	-	

Тарих, география	4	-		3		-	-	-	1
Химия, биология	4	-	1	2		-	-	-	1
Математика, физика	8	-		6	1	-	-	-	1
Информатика	3	-	1		1	-	-	-	1
Көркем еңбек, музыка	3	-	1	2		-	-		
Дене тәрбиесі	4	-	1	1		-	-	-	2
АӘТД	1		1						
Жахандық күзiреттiлiк	5			2	2				1
Педагог-психолог	2			1					1
Штаттық	7								
Логопед, дефектолог									
Барлығы	63		10	29	6				11

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

Осыған сәйкес мектеп **2021-2022 оқу жылында** педагогикалық біліктілікпен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспарбойынша жүйелі жұмыс жасады.

Педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы үлесі – 31 мұғалім - 59,6 %.

Жоғары біліктілік санатты мұғалім – 0

бірінші біліктілік санатты мұғалім – 0

екінші біліктілік санатты мұғалім – 0

Педагог-шебер мұғалім – 0

педагог-зерттеуші мұғалім – 9

педагог-сарапшы мұғалім – 22

педагог- модератор - 5 мұғалім

педагог – 16 мұғалім

2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.

«Педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесі – 36 (69,2 %).

Мектепте жалпы - 52 педагог жұмыс жасайды, декреттік демалыста отырған педагог қызметкерлер – 3.

Педагог-шебер мұғалім – 0

педагог-зерттеуші мұғалім – 10

педагог-сарапшы мұғалім – 26
педагог- модератор мұғалім – 8
Жоғары біліктілік санатты мұғалім – 0,
бірінші біліктілік санатты мұғалім – 1
екінші біліктілік санатты мұғалім –1
педагог – 8

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.

Мектепте жалпы педагог саны - 52, декреттік демалыста отырған педагогқызметкерлер – 2

педагог-зерттеуші, педагог - сарапшы үлесі - 36 (69,2%).

Педагог- зерттеуші мұғалім – 10

Педагог-сарапшы мұғалім –26

Педагог- модератор мұғалім – 8

Бірінші біліктілік санатты мұғалім – 0

Екінші біліктілік санатты мұғалім –0

Педагог – 8

Педагог-тағлымдамашы -0

оқушылары арасында дебат ұйымдастырылды. "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубы мүшелерімен **"Жемқорлыққа жол жоқ!"** тақырыбында флешмоб өткізілді. Төлеби аудандық полиция ИДН инспекторларымен құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбында дәрістер, кездесулер, әңгімелер өткізілді. **"1 мамыр Бейбітшілік күні"** мерекесіне орай **"Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан!"** тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында іс-шара өткізілді. СӨС-н насихаттауда мектеп оқушылары арасында **"Көңілді старт ойыны!"** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. **"Ал, қанекей қыздар!"** тақырыбында қыздар сайысы өткізілді. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 19.04.2022 жылғы №41-0402/1742 санды хатында көрсетілген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның әр түрлі көріністерін болдырмау мақсатында 2022 жыл 20 сәуір күні мектеп әкімшілігі тарапынан мектеп бітіруші оқушыларының ата-аналарынан мұғалімдерге сыйлық алу, видео таспаға түсіру, іс-шараны безендіру үшін шар алу баннер жасату және тағы да басқа заттар сатып алуға ақша жинау фактілерін алдын алу және болдырмау мақсатында мұғалімдер мен ата-аналар қатысуымен жиналыс өткізілді. 21.04.2022 жылы мектеп оқушылары арасында "Мен зорлық зомбылыққа қарсымын" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2022 жылғы "Балалар жылын" өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында бастауыш сынып оқушылары арасында спорттық эстафета өткізілді. Мектеп оқушылары арасында **1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі** мерекесіне орай волейболдан турнир болып өтті. 1-мамыр Халықтар достығы күніне арналған **"Бейбітшілік"** атты мектепшілік іс-шара өткізілді. Қаратөбе жалпы орта мектебінде 1 мамыр Халықтар достығы күніне орай суреттер байқауы өткізілді. Республикалық **"Абайлаңыз балалар"** акциясы аясында Төлеби АПБ-нің ЖПҚ-нің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция мамандары және сынып жетекшілері жас бүлдіршіндерге жол қауіпсіздігі бойынша кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп оқушы қыздары арасында ерте жүктіліктің алдын алу, тазалық, мектеп формасы мақсатында қыздар жиналысы өткізілді.

7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай **«Сегіз қырлы, бір сырлы»** болу, ел намысын қорғау сияқты ұғымдарды жігіттеріміздің бойына зерделеп жеткізу мақсатында 8-11 сынып жігіттері арасында **"Жігіт сұлтаны"** байқауы өткізілді. 9-мамыр Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шара және қабырғалық газет, сурет салу бойынша байқау өткізілді. Оқушылар арасында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, құқықбұзушылықтың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында футболдан турнир болып өтті.

Төлеби АПБ-нің ЖПҚ-нің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы және мектеп мұғалімдері және сынып жетекшілерімен бірлескен күндізгі және түнгі рейдтік іс-шараларын мектеп мөлтек учаскесіне қарасты магазин, кафе, қараусыз қалған үйлер, егіншілік алқаларында, дала мен базарларда рейдтік іс-шаралары жүргізілді. Жоғарғы сынып оқушылары арасында аудандық ішкі саясат бөлімінің мен мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Дін және жастар» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың, аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бойынша **«Кибербуллинг немесе антибуллинг»** тақырыбында тренинг өткізді. Мектептің сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың, аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бойынша **"Зорлық зомбылықсыз балалық шақ"** атты диагностикалау зерттеу жұмыстарын жүргізді. **"Соңғы қоңырау"** салтанатты іс-шарасы өткізілді. Іс-шараға ардагер ұстаздар, ата-аналар мен мектеп ұстаздары қатысты. **2022-2023 оқу жылында тәрбие бағыттары бойынша атқарылған іс-шаралар:**

1 Қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

- Түркістан облысы бойынша департаментінің 19.08.2022 жылғы N17/1-3-3561 санды хатына сәйкес мектепте **"1 қыркүйек Білім күні"** мерекесіне орай 1-11 сыныптарда дәстүрлі түрде бірыңғай **"Адалдық сағаты"** өткізілді.

- **"Тіл мәртебесі-ел мәртебесі"** атты тілдер мерекесіне және А.Байтұрсынұлының туғанына

150 жылдығына орай әдеби кеш өткізілді.

- **"Тіл-достықтың алтын көпірі"** атты тілдер мерекесіне орай орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі бірлестіктерінің ұйымдастыруында іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар орыс және ағылшын тілдерінде өлеңдер айтып, би биледі.

- Жол-көлік оқиғасын алдын-алу мақсатында **"Абайлаңыз балалар"** тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізіліп, тәрбие сағаттары өткізілді.

-Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу мақсатында **"Отбасы-бақыт аясы"** тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

-ҚР Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының №15-53/328 шығыс хатына сәйкес, мектептегі **"Ұстаздар күніне"** орай салтанатты жиын өткізілініп және **"Дублер күні"** өтті және оқушылар сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Күн қортындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлері мен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.

- **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында тілдер мерекесіне арналған кітап көрмесі өткізілді.

- **"Мектеп парламент"** президентінің сайлауы болып өтті. Президентке үміткер оқушылар алдын-ала өз бағдарламасын дайындап, жаңа идеялар мен жобаларды ұсынып, жүзеге асыру бойынша болашақ жоспарларымен бөлісті.

-Мектеп парламенті ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы жоспарына сәйкес "Өзін-өзі басқару"ұйымының отырысы болып өтті. Отырыс барысында **«Мектеп парламенті»** мүшелері жаңа оқу жылына жоспарлар құрып, өз ұсыныстары мен ой - пікірлерін бөлісті. Мектеп оқушыларының арасында **"Біз бақытты баламыз"** тақырыбында іс-шара өткізілді.

- **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу, отансүйгіштікке баулу мақсатында **"Туған жер"** тақырыбында іс-шара өткізілді. Мектептің Жас мамандармен **«Жас келсе, іске сәт»** тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Жаңа ұжымға келген педагогтардың әлеуметтік – психологиялық тұрғыда табысты бейімделуіне үлес қосуына бейімдеу.

"Өзін-өзі басқару"ұйымының мүшелері ұлағатты ұстаздар қауымының төл мерекесіне арнап, оқушылар мектеп ауласында ұстаздар күнімен құттықтап, көңіл - күй сыйлау мақсатында зор құрметпен қарсы алды.

- "Өзін-өзі басқару" ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен Ұстаздар күніне орай **"Ұстаз - саған мың алғыс"** тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығын қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз білімін әрқашан бағалай білуге үйрету.

1- Қазан **"Қарттар күні"** мерекесіне орай Қаратөбе жалпы орта мектебінде оқушыларды жасы үлкенді сыйлауға, халқымыздың дәстүрін қадірлеуге, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында **"Жас Ұлан "** ұйымының мүшелері қатысуымен қарттардың үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп қайтты.

-« **Алтын күз»** тақырыбында 8-11 сынып оқушылар арасында байқау болып өтті.

Оқушылардың күз мезгілінің ерекшелігі туралы, күзгі молшылық, береке туралы түсініктерін кеңейту. Күзде атқарылатын жұмыстар туралы түсінік беру. Оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке, өз халқының салт - дәстүрін біліп жүруге тәрбиелеу. Тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру мақсатында өткізілді. Оқушылар түрлі-түсті материалдардан, жапырақтардан қол өнерлерін жасап келді. Байқауға белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 сыныптар арасында сурет байқауы болып өтті.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде **"Өзгерісті өзіңнен баста"** тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында, пікір-сайыс өткізілді оның оның жұмыс мақсаты

құқықбұзушылықтың алдын алу, өзін-өзі дамыту, оқушыларды өз бетімен жұмыс жүргізуге тәрбиелеу.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу ; **құқықбұзушылықты болдырмаудың алдын алу** мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді оның құқықбұзушылық туралы, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігін алдын алу бойынша, сондай-ақ жастар арасында болып жатқан қылмыстың түрлерімен оның салдары және алдағы уақытта жасөспірімдердің өз өміріне келтіретін зиян мәселелеріне тоқталды.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Күн тәртібінде : Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, зорлық-зомбылықтың алдын алу, ыстық тамақ, тасымалдану, білім жетістіктері, мектеп формасы, жасөспірімдерді зиянды заттардан спирттік, алкагольдік, электрондық темекілерден қорғау мәселелері қаралды.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында демалыс кезінде түрлі іс-шаралар өткізілуде.

Мектепте жалпы білім беретін мектебінде балалар арасында **құқық бұзушылық пен тұрмыстық зорлық зомбылық** бойынша профилактикалық түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде салауатты өмір салты бағдарламасы шеңберінде оқушылар арасында нашақорлықтың алдын алу, оқушыларды зиянды әрекеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында **"Нашақорлыққа жол жоқ"** тақырыбында мектеп сыныптар арасында суреттер байқауы өткізілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **"Шынықсаң шымыр боласын"** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.

Мектептің оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді және ерте жүктіліктің зардаптары, қыздардың тәртібі, гигиенасы туралы слайдтар арқылы .

Жоспарға сай "Құқығым бар " тақырыбында мектеп оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, оқушылардың бойына құқықтық , патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту.

балалардың құқықтары және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптары түсіндірілді. "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен жеке тұлғаның рухани - адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында **"Адалдық дүкені"** жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесінің 15.11.22 жылғы хатына сәйкес, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оған қарсы тұру, жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту, жастардың арасында адалдық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде **"Саналы ұрпақ"** клуб мүшелерінің арасында **"Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз"** тақырыбында дебат байқауы өткізілді. Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру , жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін, құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту мақсатында 5-7 сыныптар аралығында **сурет** байқауы өтті.

оқушылардың қысқы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында " Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп оқушылары арасында " Еркін оқу кеңестігі" атты марафоны өткізілді. Шара барысында оқушылар өздерінің қызыққан кітаптарымен таныстырып, пікір алмасты. Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде 9-10 сынып оқушыларымен көмелет жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **"Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу"** тақырыбында жиналыс өткізілді. Мақсаты: Жан-жақты қалыптасып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілігі мол тұлғаның қалыптасу.

-**"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында **"Тәуелсіздік - Мәңгілік елдің тұғыры"** тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мектептің 2-11 сыныптар арасында шахматтан мектепішілік жарыс болып өтті.

-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-6 сыныптар арасында **"Тәуелсіздік тұғырым"** атты спорттық эстафеталық сайыс өткізілді.

- 7-11 сынып оқушыларымен **«Көңіл - күй жаттығулары»** тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттырып, есте сақтау қабілетін дамыту, қиялдарын жетілдіру. Баланы қуана білуге, өз айналасындағы жағымды істерді қабылдай білуге үйрету. Ойын жаттығулары арқылы білімдерін дамыту.Қаратөбе жалпы орта мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 7-8 сыныптар арасында дойбыдан жарыс өткізілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 8-10 сыныптар арасында волейболдан жарыс өткізілді және мектепішілік мини футболдан жарыс өткізілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында **"Ертегілер еліне саяхат"** тақырыбында тәрбие сабақтары бастауыш сыныптарда өткізілді. Оқушылар ашық сабаққа белсене қатысып, өз қолдарымен ертегілер кітапшасын жасады.

Мектептің сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен қыз баланы ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға, мектепте өзін – өзі ұстауға, қыздардың мінез тұрақтылығын қалыптастыра отырып инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында **"Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі"** тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Мектептің 8-11 сынып ұлдар арасында **құқықбұзушылықтың алдын алу**, сонымен қатар нашақорлық пен алкогольді ішімдіктер пайдаланудың , әлеуметтік желілердегі қауіпті ойындардың, түрлі сайттарға кірудің алдын алу мақсатында ұлдар жиналысы өткізілді және мектеп оқушылары арасында дәл қазір адамзат ұрпағына төніп тұрған нашақорлық кеселдің пайда болуын, қоғамға, адамдарға осы дерттің зардаптарын түсіндіру, адамгершілік, құқықтық тәрбие беру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында **"Нашақорлықтың зияны"** тақырыбында жиналыс өткізілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде балалар арасында **құқық**

бұзушылық пен тұрмыстық зорлық зомбылық, тәртіпсіздіктің алдын алу бойынша профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде салауатты өмір салты бағдарламасы шеңберінде оқушылар арасында нашақорлықтың алдын алу, оқушыларды зиянды әрекеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында **"Нашақорлыққа жол жоқ"** тақырыбында 6-7 сыныптар арасында суреттер байқауы өткізілді.

-Түркістан облысы, Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде күзгі демалыс кезіндегі "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында **"Үздік үй кітапханасы"** тақырыбында жеке кітапханасын бейне ролик етіп түсірілді.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде күзгі демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Данай, тәлімгер М.Түймебековтың ұйымдастыруымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **"Шынықсаң шымыр боласын"** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.

-ДТІЖО Н.Оразов, педагог-психолог Е.Сандыбаев, тәлімгер М.Түймебеков ұйымдастыруымен оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында **"Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын - алу"** тақырыбында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

-ДТІЖО Н.Оразов, педагог-психолог Е.Сандыбаев, тәлімгер М.Түймебеков ұйымдастыруымен жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын - алу, ерте жүктіліктің зардаптары, қыздардың тәртібі, гигиенасы туралы слайдтар арқылы **"Ерте жүктіліктің алдын алу"** тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

-Күзгі демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес **"Менің күзгі демалыс кезіндегі бір күнім"** тақырыбында бейнеролик түсірілді.

-**"Бала құқығы - адам құқығы"** атты республикалық ақпараттық науқан барысында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес **"Құқығым бар"** тақырыбында мектеп оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту.

-**"Бала құқығы-адам құқығы"** атты республикалық ақпараттық науқан барысында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес ДТІЖО Н.Оразов, тәлімгер М.Түймебековтың ұйымдастыруымен **"Балалық шақты бірге қорғаймыз"** тақырыбында мектеп оқушыларының жеке жетістіктері туралы, балалардың құқықтары және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптары түсіндірілді.

-ДТІЖО Н.Оразов, тәлімгер М.Түймебеков, "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен жеке тұлғаның рухани - адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында **"Адалдық дүкені"** жұмыстары жүргізілді.

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 11.11.2022 жылдың 27-08-07/336 санды хатына сәйкес Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Қаратөбе" жалпы орта мектебінде 2022 жылы 10-20 қараша аралығында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Бала құқығы-адам құқығы" атты онкүндікті өткізу бойынша **"Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"** тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

-Қазақстан Республикасының президенттік сайлауына 20.11.2022 күні N563 учаскесінде мектеп оқушылары би билеп, домбыра тартып өздерінің қуаныштарын білдірді.

-Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі," "Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесінің 15.11.22 жылғы хатына сәйкес, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оған қарсы тұру, жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту, жастардың арасында адалдық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде ДТІЖО Н.Оразов, тәлімгер О.Махсатова **"Саналы ұрпақ"** клуб мүшелерінің арасында **"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеңіс шындық па, әлде арман ба?"** тақырыбында дебат байқауы өткізілді.

-**"Қаратөбе"** жалпы білім беретін мектебінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру , жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін, құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту мақсатында 5-7 сыныптар аралығында **"Сурет БАТЛ"** байқауы өтті. Оқушылар өздерінің ойларын сурет арқылы жеткізді. Үздік сурет деп 6-сынып оқушыларының **"Жемқорлыққа жол жоқ "** тақырыбындағы суреттері үздік деп табылды.

-Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі, "Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесінің 15.11.22 жылғы хатына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оған қарсы тұру, жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтарды танымал ету, сақтау және нығайту, жастардың арасында адалдық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде ДТІЖО Н.Оразов АӨТД пәні мұғалімімен, сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары, **"Адал ұрпақ"** ерікті мектеп клубтары арасында слет өткізілді.

-ДТІЖО Н.Оразов, тәлімгер М.Түймебеков," Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен жеке тұлғаның рухани - адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында жоспарға сәйкес әр жұма **"Адалдық дүкені"** жұмыстары жалғасын табуда.

- Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінде 18.11.2022 жылы психология апталығы аясында **«Досы көпті жау алмайды»** ұранымен **«Достық күні»** болып өтті. **«Кинезиологиялық жаттығуларының денсаулыққа пайдасы»** педагог - психологтың кеңесі, **«Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде?»** логопед, дефектолог мамандардың шеберлік сабағы өткізілді.

- 17.11.2022 жылы психология апталығы аясында **«Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер»** ұранымен **«Ынтымақтастық күні»** болып өтті. Мұғалімдер арасында **«Күш - бірлікте»** тимбилдинг (командалық жарыстар) өткізілді.

Қаратөбе жалпы орта мектебінде кітапханашылар С.Турдалиева, ұйымдастыруымен **"Сурет салуды үйренеміз"** тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

2023-2024 оқу жылында **«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»** бойынша жоспар жасалынып жұмыстар жүргізілді.

Мектепте 1 Қыркүйек **«Білім күні»** салтанатты жиын өткізілді. **«Мектеп-мейірім мекені»** тақырыбында барлық сыныптарда адалдық сағаттары өткізілді.

Мектептің сыныптарында өткізілген сынып сағаттары үш құндылықты насихаттау және міндетін насихаттау, тәрбиелеу мақсатында жүргізілді.

Мектептің сыныптарында отбасы күніне арналған «Отбасы-бақыт мекені» тәрбие сағаттарын өткізді.

«Ұлы даланың – ұлт аралық тілі» тқырыбында іс-шара өткізілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлыққа қарсы мақсатында «Спорт-ойындар күні» мектеп ішілік марафон өткізілді.

Мектеп оқушыларын арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты мақсат» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында рольдік ойындар өткізілді.

Қазақтың жазушы, қоғам қайраткері Қазақстанның еңбек сіңірген азаматы С.Көбеевтің 145 жылдығына әдеби отырыс өткізілді.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, М.Жұмабаевтің 130 жылдығына арналған әдеби кеш өткізілді.

«Ұстаз. Сіздің алдыңызда» тақырыбында қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына орай апталық жиында баяндама жасалды.

Мектептің жоспарына сай «Ашық есік күні» өткізілді.

«Егемен елімнің Әнұраны» 25 қазан Республика күніне орай ән ұран айту челлендіжі өткізілді.

Мектеп психологтары «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында тренинг өткізді.

Мектептің 7-10 сыныптары арасында мектеп ішілік «Жас сарбаз» тақырыбында әскери патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Салауатты өмір салтын насихаттауда «Алтын сақа», Ұлттық мектеп лигасы, Тоғыз құмалақ т.б спорт түрлерінен сайыстар өткізілді.

Мектеп оқушылар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай «Көк тудың желбірегені» тақырыбында мектеп оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді.

«Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын» Ұлттық мектеп пен ұлттық лига» жобасын іске асыруда мектеп ішілік спорттық сайыстар өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын асыруда «Үнемі оқитын адам» отбасылық жұптық сайыс өткізілді.

«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіңе сен» тақырыбында дөңгелек стол 8-10 оқушыларымен өткізілді.

«Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыбында сырласу кеші, арнайы қонақтармен бірлесіп өткізілді.

Мектеп оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық, ерте жүктілік туралы және теріс ағымдар т.б алдын алу мақсатында жиын өткізілді.

Мектеп сыныптары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт байқауы өткізілді.

«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында дөңгелек стол өткізілді.

Діни экстремизімнің алдын алу мен орамал тағудың алдын алу тақырыбында кездесу өткізілді.

Мектептің сыныптарында «Алғыс айту парызым» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

8 Наурыз-Халықаралық аналар мерекесіне салтанатты жиын өткізілініп, құрмет көрсетілді.

Мектеп оқушыларымен «Домбырашылар челленджі» өткізілді.

«Жарық ете қалсам, найзағай болып» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Жалпы мектеп ішілік «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» мерекелік іс-шара өткізілді.

«Ұмыт қалған-ұлттық тағамдар» 5-8 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді.

Шахмат ойнау челленджі өткізілді.

Мектеп ішілік слет өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алу мақсатында рейдтік іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

«1 Мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні»-не орай тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шара өткізілді.

Мектепте 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні» мен «9 Мамыр-Жеңіс күні» мерекесіне орай сынып сағаттары, қабырғалық газет, спорттық сайыстар мен мерекелік іс-шара өткізілді.

Қазақ жазушысы Ш.Құдайберді ұлының 165 жылдығына орай баяндама апталық жиында жасалды.

Мектеп оқушыларына «Соңғы қоңырау» іс-шарасы жаңа форматта өткізілді.

Мектептің «Ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығына арнайы бөлме берілініп, ата-аналармен жұмыс жоспары бойынша ,арнайы сабақтар өткізілді

Бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен кешенді жоспар бйынша жұмыстар жүргізілді.

Мектептің «Қамқоршылар кеңесі»-ң бірлескен тұрақты жұмыстар жүргізілді.

Мектепте «Қуғын-сүргін» күніне орай баяндама, видео қойылым көрсетілді.

«1 Маусым Балаларды қорғау» күніне орай іс-шара өткізілді жіне мектек жанындағы сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өткізілді.

Құқық бұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі			
Оқу жылы бойынша	Мектептегі оқушылар саны	Аудандық ПБесепте тұратын оқушылар	Мектепшілік есепте тұратын оқушылар
2021-2022	419	0	0
2022-2023	410	0	0
2023-2024	401	0	0
Оқу жылы бойынша	Орын алған қылмыс саны	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыруы	Төлеби ауданы әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және оларды құқықтарын қорғау комиссиясына ұсынылған материал
2021-2022	0	0	0
2022-2023	0	0	0
2023-2024	0	0	0

Оқу жылы бойынша	Барлық қаза болған саны	Аяқталған суицид	Суицидке ұмтылған балалар саны	Ерте жүктілік	Зорлық зомбылық
2021-2022	0	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0	0
2023-2024	0	0	0	0	0

Қаратөбе жалпы орта мектебінің спорттық секциялары мен үйірмелердің өткізілу кестесі

2023-2024 оқу жылы

№	Үйірме	Үйірме	Өтілетін
---	--------	--------	----------

[illegible]

											рет	рет
10	Волейбол	Ө.Тасм аха н	23	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Апта сына бір рет	Ап тас ын а. бір рет	Ап тас ын а. бір рет

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша атқарылған жұмыстары:

«Жас Ұлан» ұйымы баланың әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына, оның белсенді азаматтық ұстанымына, адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына, ар-ожданының қалыптасуына, саяси және құқықтық мәдениетке баулуға, өзіндік танымымен азаматтық белсенділігін танытуға ерекше ықпал етеді. Ұйым мүшелігіне қосылғаннан кейін қоғам өміріне белсене араласады, өзінің жас ерекшелігіне қарай қоғамдық қозғалыстарға қатысады, өздерін тұлға ретінде таныта

алады. Өзінің қабілет-қарымын таразылап, үлкендер өміріне араласуға мүмкіндік алады. «Жас Ұлан» ұйымы - жеке тұлғаның әлеуметтендіру факторы. ҚР Президентінің «Нұр -Отан» VХП ның ХІІІ съездінде Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандық ұйымының жұмысын жандандыру керек. Еліміздің «Жас Ұлан» жастар ұйымының кіші тобы «Жас қыран» жұмысын белсенді түрде жүзеге асыру қолға алынсын! » деген сөзі бірден қолдау тапты. 2011 жылы мамырдың 17-күні өткен «Біз Қазақстанның болашағымыз» атты Қалалық көшбасшылар форумы: «Республикалық «Жас ұлан» және «Жас қыран» жастар ұйымына «ИӘ» дейміз!» деді. Н.Ә. Назарбаевтың «Жеке тұлға болу – жауапкершілік жүктейді. Өмір ағысымен жүзе бермей, белсенді болу. Жан-жақты дамыған тұлға ғана өмір заңдылығына сай еңбек етеді. Патриот болу - өз Отанын жанындай сүйе білу. Өзіңе сен, халқыңа сен, қоғамға қызмет ет, - деген сөздері «Жас Ұлан» ұйымының өмірлік қағидасына айналды. 2011 жылдың 16 қыркүйектегі - Алматы қаласы «Жас ұлан» жастар ұйымының құрылған күні. Дәл осы күні «Жалын» СО-нда қала мектептерінің үздік оқушыларына галстук тағу рәсімі өтті. Міне, содан бері «Жас Ұлан» ұйымының мүшелікке енуі салтанатты жиыны Қазақстанның бүкіл түкпір-түкпірінде өз жалғасын тауып келеді. Ұйымға қабылдау жылына 3 рет : 1 -мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 6-шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 16- желтоқсан - Тәуелсіздік күні. Жүзеге асырушылары: 6-9 жас Жас қыран, 10-16 жас - Жас ұлан, мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, класс жетекшілер, ата – аналар.

Ұйым жүйесінің заңдылықтарында көптеген өзгерістерге ұшырады. Мәселен, соңғы ең негізгі деген өзгеріске тоқталып кетсек. 2014 жылы ұйым тәртібі 7 бағыт бойынша жұмыс атқаратын болды:

«ОТАН» - елін, жерін, құндылықтарын сүйу. Қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты

«ЗЕРДЕ» - зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты.

«РУХАНИЯТ» - жоғары адамгершілік құндылықтар гуманистік көркем истетикалық қасиеттерге тәрбиелеу бағыты.

«САЛАУАТ» - бойларын жаман қасиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмірсалтын ұстаған, спортпен шұғылданатын тәнін түзулікке баулитын саламатты Қазақстан ұрпақтарын тәрбиелеу бағыты.

«ЕҢБЕК» - мектеп қабырғасынан белгілі мамандыққа бейімделу, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту бағыты.

«ЭКОӘЛЕМ» - қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларға қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыты.

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - жас азаматтарды өзіндік әлеуметтік тұрғыдан заң білу мәдениетіне, қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсіндіру бағыты.

Міне осы бағыт негізінде жұмыс жасау қолға алынып келеді. Көріп отырғандарыңыздай баланы жан-жақты, барлық қырынан ашуға, баланы өз-өзін тәрбиелеуге және бос уақытын тиімді, пайдалы, игі істерге жұмсауға үйретеді.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. 2-3 сыныптың үздік оқушылары «Жас Қыран» ұйымына, 5 сынып үздіктері «Жас Ұлан» ұйымына мүше болып қабылданды. Ұйым анты мен әні орындалды. Ұйымның мақсаты мен міндеттерімен оқушыларды таныстырды. 2021-2022 оқу жылында «Қаратөбе жалпы орта мектебінде

санитарлық және эпидемиологиялық талаптарды орындай отыра, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Жас Ұлан ұйымының 10 жылдығына орай Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылдау салтанатты жиыны болып өтті. «Жас Ұлан» ұйымына 5-сыныптан 104 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 2-сыныптан 114 оқушы мүшелікке қабылданды. 2022-2023 оқу жылы Түркістан облысы, Төлеби ауданы әкімінің орынбасарының 22.09.22 жылғы №09/04-19/1963 санды хатына сәйкес, 1- Қазан "**Қарттар күні**" мерекесіне орай Қаратөбе жалпы орта мектебінде оқушыларды жасы үлкенді сыйлауға, халқымыздың дәстүрін қадірлеуге, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында Н.Оразов және тәлімгер М.Түймебековтың ұйымдастыруымен, сонымен қатар "Жас Ұлан " ұйымының мүшелері қатысуымен қарттардың үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп қайтты.

Психологиялық жұмыстар.

Қаратөбе жалпы білім беретін мектебінің психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылардың табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметті ұйымдастырудағы қолданылатын нормативтік құжаттар

1. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2022 жылғы 25 тамыздағы № 377** «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

2. Баланы қорлаудың (буллинг) алдын алу тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелген, <https://adilet.zan.kz/rus> сайтында орналастырылған, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506** «Баланы жәбірлеудің (буллингінің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында бекітілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы **2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;**

Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі» **2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;**

«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы "**ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ 25.08.2022 ж. № 377 бұйрығы**

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы.**

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" **ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы** ҚР Білім және ғылым министрінің **31.03.2022 № 121 бұйрығы;**

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130** бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ **27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен**)

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» өзгерістерімен және толықтыруларымен **ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы** негізінде жалпы орта мектебінде ұйымдастырылған психологиялық қызмет жоспар жасалынып, лауазымдық міндеттермен істер номенклатурасы бекітілді. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет **психологиялық қызмет бағыттары:**

1)Диагностик а лық	Бүкіл оқу кезеңіндегі балалардың ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу.
2) Консультаци ялық	Білім беру үрдісінің қатысушыларына дербес көмек көрсету.
3) Дамытушылық (түзету)	Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен қабілеттерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмыс.
4) Психологиялық - педагогикалық ағарту	Білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу (сынып сағаттар, семинарлар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңестер, интерактивті әдістер мен дәрістер)
5) Ұйымдастыру- әдістемелік	ПҚ жұмысына мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындау, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сүйемелдеуімен пәнаралық тәсілді әзірлеу және ғылыми әдістемелік жұмысты жүргізу.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 0-11 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, жұмыстарды есепке алу журналына тіркеледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс-әрекетті жұмыстарды алдын алу бойынша топтық жұмыстар, «Бестерек» жобасы мен

«Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-

құлықтың алдын алу» бағдарламасы бойынша жұмыстар: сауалнама, эссе, «Үй, адам, ағаш» проективті әдістемесі, жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында «Өз агрессияңды басқара аласың ба?» сауалнамасы, сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады. Оқу процесіне қатысты мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларынан «Керн-Йирасек» тесті, бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау мақсатында интеллектуалды даму және қабілет деңгейін анықтау, бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестер және қарым-қатынас мәселелері, тұлғалық-мотивациялық аймағын диагностикалау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур) оқу түрткісін зерттеу әдістемесі, МАД тобының 1 сыныпқа дайындығын анықтау мақсатында мектепте оқытуға арналған диагностикалар жүргізіліп, нәтижесі бойынша педагогтар мен сынып жетекшілерге әдістемелік көмектер ұсынылады. Ата-аналармен бала тәрбиесі туралы және «Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма?» ата-аналарға арналған сауалнама, мұғалімдермен «Темпераментті анықтау», «Сіз қандай мұғалімсіз?» сауалнамалар алынып, психологиялық жаттығулар, тренингтер жүргізіліп, ата-аналарына кеңестер ұсынылды. Оқушылардың ортаға бейімделуіне қатысты 5 сынып оқушыларының бейімделуін анықтау. «Социометрия» Дж.Морено «Мектеп оқушыларының оқу мотивациясын зерттеу әдістемесі» М.И.Лукьянова, Н.В.Калинина алынды. Мамандық таңдау бойынша 9-11 сынып оқушыларының мамандық типін анықтау мақсатында «ДДС» Климов, мамандық таңдауды анықтау Дж.Голланд әдісі бойынша оқушының мінез-құлқының типін анықтау мақсатында «Менің таңдаған кәсібім» эссе. 9-11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау үшін Я. Холланд тесті алынды. "Мамандық таңдау- келешекті таңдау" тақырыбында 9-11 сынып оқушыларының стартаперлермен кездесу, кәсіптік бағдар беру мақсатында шақырылған қонақтармен «Ашық микрофон» форматында кездесу ұйымдастырылды. ҰБТ және ББЖМ тапсыратын оқушылардың психологиялық дайындық мақсатында тренинг өткізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың (үйде оқытылатын және инклюзив) эмоционалдық көңіл-күй мен таным процестерін зерттеу мақсатында жасерекшелігіне қарай сауалнама алынды. «Бестерек» жобасы мен «Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы бойынша анықталған «Тәуекел топ» (сары, қызыл) оқушыларымен жұмыс дамытушылық жұмыстары жүргізілді.

Алдын-алу профилактикалық жұмыстар бойынша: Кибербуллинг, Буллинг, интернеттің зияны мен пайдасы, ерте жүктілік пен зорлық-зомбылық алдын алу жолдары, аутодеструктивті іс-әрекетті, құқықбұзушылықта болдырмау тақырыбында бейнесабақтар, презентациялар, кеңестер, бағыт-бағдарлар жіберілді. Жасалынған психологиялық бағыт нәтижесі бойынша тиісті жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығы бойынша ата-ана мен мұғалімдерге, оқушылардың мектепке бейімделуі бойынша мұғалімдерге, «Бестерек» жобасы мен «Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы аясында анықталған оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша мұғалімдерге, оқушылар арасында зорлық зомбылықты алдын алу бойынша оқушылар, ата-аналар, және мұғалімдерге, оқушы

қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы, «Әкелер кеңесі» ұлдар жиналысы, МАД тобының 1 сыныпқа дайындығы бойынша, мектеп мұғалімдері арасында бала психологиясының ерекшеліктері туралы және жас мамандардың кәсіби бейімделуі бойынша, тәртібі қиынға бейім, девиантты іс-әрекетті мінез-құлқы қиын оқушылармен жұмыс істеу мақсатында, ҰБТ, ББЖМ қатысатын оқушыларға, инклюзивті білім алатын және үйде оқытылатын оқушыларға, олардың ата-аналары мен мұғалімдерге, оқушылар арасында құқықбұзшылық және діни экстремизмді алдын-алу мақсатында, оқушылардың мамандық таңдауда психологиялық көмек беру мақсатында, дарынды және үлгерімі төмен оқушыларға, оқушылардың жеке мәселелері бойынша, ата-аналардың жеке мәселелері бойынша, мұғалімнің жеке мәселелері бойынша

1-11 сыныптар бойынша жасалынған психологиялық жұмыстарды ЕСЕПKE АЛУ бойынша салыстырмалы көрсеткіштер алынып отырылады.

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау; (көшірмелері жүктелді)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2- қосымшасының 42-тармағына, 3- қосымшасының 51-тармағына, 4- қосымшасының 51-тармағына сәйкес көрсетілген пәндерді оқыту барысында сыныптар топтарға бөлініп оқытылады. Мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп құрылған оқу жұмыс жоспарларында, сабақ кестелерінде, электронды журналдарға білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда топтарға бөліп оқыту қарастырылған. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 2- қосымшасының 30-тармағына, 3- қосымшасының 43-тармағына, 4- қосымшасының 33 - тармағына сәйкес көрсетілген пәндерді оқыту барысында сыныптар топтарға бөлініп оқытылады.

